

«ALIKHAN BOKEIKHAN UNIVERSITY» ББМ

Қаралды
кеңес отырысында
Хаттама № 6, 28.02.2022

Бекітемін
Гуманитарлық факультетінің деканы
PhD, п.ғ.к. Ибраһимов Ж.М.О.



2020-2025 жылдарға
7M02303 «Филология» білім беру бағдарламасының даму жоспары
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ДАМУ ЖОСПАРЫ

Кенейтілген отырыста қаралды
филология кафедрасы
18.02.2022 № 6 хаттама
Кафедра меңгерушісі PhD Мүрсәлім Г.О.

АБЫ

Мазмұны

1	Жалпы ережелер.....	3
2	Ағымдағы жағдайды және еңбек нарығы мен білім беру қызметтерінің даму үрдістерін талдау.....	4
3	7М02303 «Филология» (қазақ) мамандықтары бойынша білім беру бағдарламасын дамыту бағыттары.....	9
4	ББ дамыту жоспарын іске асыру тетіктері.....	12
5	Тәуекелдерді басқару.....	14
6	ББ даму жоспарын қаржылық қамтамасыз ету.....	15

2020-2025 жылдарға
7M02303 «Филология» білім беру бағдарламасының даму жоспары

Миссиясы және болжау

ББ миссиясы: аймақтың индустриалды-инновациялық, экономикалық дамуын көздейтін тілші, әдебиетші, филолог мамандарын жоғарғы және жоғарғы оқу орнынан кейінгі білімі бар бәсекеге қабілетті кадрларды даярлау.

Болжау: Қоғамның өзгерісте болатын қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған білім беру бағдарламасы.

ББ мақсаты: Толыққанды білім алуға, сапалы кәсіптік білім алуға, қазақ тілі мен әдебиеті саласындағы мәдениеттанушылық білімді қалыптастыруға мүмкіндік беретін кәсіби қызметте қажетті мүмкіндіктерді құру. Қоғам мен мемлекеттің игілігі үшін тиімді жұмыс істей алатын, мәдениетаралық және коммуникативті құзыреттілікті білетін, жоғары білім беру және педагогикалық құзыреттілік шеңберінде ақпараттық технологияларды пайдаланатын бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау, қазіргі заманғы білімдермен өзін-өзі жетілдіруге тұрақты қажеттілігі бар өмірлік процесте филология саласы бойынша педагогикалық мәселелерді дербес және тиімді шешуге мүмкіндік береді.

ББ міндеттері:

- ББ бағдарламаларының ғылыми-теориялық біліктілігін арттырудың жаңа инновациялық тәсілдерін пайдалану;
- ББ бағдарламаларының ғылыми-теориялық біліктілігін арттыру;
- Ақпараттық технологиялар арқылы жаңа әдістемелерді меңгерту;
- Болашақ мамандардың педагогикалық және психологиялық құзіреттілігін дамыту.

1. Жалпы ережелер

7M02303 «Филология» (қазақ) ББ дайындау бағыты бойынша мамандар даярлайды.

7M02303 «Филология (қазақ)» білім беру бағдарламасы бойынша магистранттарды даярлау 2009 жылдан бастап №0064053 лицензияға қосымша негізінде оқиды. 2015 жылғы ақпанда «Филология» ББ Білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз қазақстандық агенттігінде мамандандырылған аккредиттеуден өтті (аккредиттеу туралы куәлік нөмірі SA №0046/1 28.03.2015-27.03.2020 ж. дейін жарамды).

Білім беру бағдарламасының өзектілігі - білім беру бағдарламасына қойылған мақсаттарға жету үшін тиімді басқару шешімдерін қабылдау. ББ әзірлеу кезінде нарықтың қажеттіліктері мен білім беру қызметтерін тұтынушылардың сұраныстары ескерілді.

Құрастырушылар: Филология кафедрасының меңгерушісі PhD Мүрсәлім Г.О., ф.ғ.к. Доскеева Ш.А., магистр Қожахметова Г.Б., Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және Шаңбай Т.Қ.

Білім беру бағдарламаларының нормативтік негізі:

- ҚР БҒМ № 604 от 31.10.2018 ж. бұйрығына сәйкес Мемлекеттік жоғары білім берудің жалпы міндетті стандарты негізінде жасалды
- «Педагог» кәсіби стандарты. «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасының бұйрығына қосымша №133 8 маусым 2017 ж.
- ҚР Білім және ғылымды дамытудың 2021-2026жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- ҚР БҒМ-нің 2020-2024 жылдарға арналған стратегиялық жоспары;
- «Alikhan Bokeikhan University» ББМ 2020-2025 жылдарға арналған Даму стратегиясы.

2. Ағымдағы жағдайды және еңбек нарығы мен білім беру қызметтерінің даму үрдістерін талдау

Білім беру бағдарламалары кешенді тәсіл шеңберінде студентке бағдарланған оқыту технологияларын ескере отырып әзірленді. Білім беру бағдарламаларын қалыптастыру үшін әлеуметтік әріптестер мен білім алушылар тартылады.

Сонымен қатар, білім беру бағдарламаларын халықаралық аккредиттеуге дайындау үшін модульдік-құзыреттілік тәсілге негізделген білім беру бағдарламаларын рецензиялауға шетелдік әріптес жоғары оқу орындарын тарту қажет.

Қашықтан оқыту технологияларын қолдана отырып, оқу процесін ұйымдастыру үшін асинхронды оқыту моделін іске асыруға мүмкіндік беретін «АИС Университет» платформасы дайындалды. Синхронды оқыту университет оқытушыларының бекітілген кестеге сәйкес ZOOM, CiscoWebEx және т.б. платформалары арқылы академиялық топқа арналған бейнеконференциялар немесе вебинарлар ұйымдастыруы арқылы жүзеге асырылады.

Мықты жағы:

- ББ ПОҚ-ын ағылшын тіліне оқыту үшін университеттің бюджеттен тыс қаражатын бөлу;
- ББ ПОҚ-ның жаңа цифрлық технологиялар бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өтуі үшін, жаңа білімді жетілдіру және игеру үшін университеттің бюджеттен тыс қаражатын бөлу;
- жаңа ғылыми-зерттеу және оқу зертханаларын ашу, оның ішінде әлеуметтік әріптестерді тарту;
- ББ бойынша университет кітапханасының оқу-әдістемелік әдебиетін цифрлау.

Әлсіз жағы:

- Білім беру сапасы жүйесінің транспаренттілік деңгейінің жеткіліксіздігі.
- Түлектерді курстан кейінгі сүйемелдеу жүйесі нашар енгізілген.

Университеттің көптілді білім беру бағдарламаларының санын арттыру қажет, осыған байланысты университет ПОҚ мен білім алушылардың тілдік даярлық деңгейін арттыру қажет. Университетте шет тілдерін оқыту үшін көптілді білім беру орталығы жұмыс істейді. 2021-2026 оқу жылында білім беру бағдарламасының магистранттары университеттің бюджеттен тыс қаражаты есебінен Семей қаласының «Erudit» білім беру-ғылыми орталығында ағылшын тілін оқиды.

Сыртқы факторлар:

- Білім беру бағдарламаларының мазмұнын анықтауда ЖОО-лардың академиялық еркіндігін кеңейту;
- Major негізгі білім беру бағдарламасын меңгеру шеңберінде университет білім алушылары үшін Minor қосымша білім беру бағдарламаларын енгізу мүмкіндігі;
- Кәсіби стандарттарды әзірлеу және бекіту;
- Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы жанынан әдістемелік инновациялар орталығын құру.

Ішкі факторлар:

- Жалпы орта білім беретін және орта кәсіби мекемелердің білім алушылары үшін кәсіпкерлік және бизнес негіздері бойынша шеберханаларды, Медия студияларын, әдеби үйірмелерін және т.б. ашу үшін университеттің бюджеттен тыс қаражатын бөлу;
- Білім беру бағдарламасының ПОҚ-ын ағылшын тіліне оқыту үшін университеттің бюджеттен тыс қаражатын бөлу.

Жыл сайын ЖОО-да білім беру бағдарламаларының ғылыми-зерттеу қызметін дамытуға бағытталған бірқатар міндеттер жоспарланып, табысты іске асырылуда. Осы жұмыстың нәтижелері: ЖОО және оның ғылыми-құрылымдық бөлімшелері жүзеге асыратын ғылыми-зерттеу жобаларын іске асыруда; ЖОО қабырғасында танымал ғалымдар мен практикалық қызметкерлерді, жас ғалымдарды, білім алушыларды жинайтын ғылыми-практикалық іс-шараларды ұйымдастыруда және өткізуде; жарияланған ғылыми еңбектерде көрініс табады. ЖОО-дағы ғылыми-зерттеу қызметіне қойылатын негізгі талаптар өзектілік, жоғары теориялық

деңгей, практикалық маңыздылығы және оқу процесімен тығыз байланыс, сондай-ақ өңірдің және тұтастай елдің дамуына үлес қосу мақсатында ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру деңгейі болып табылады.

Білім беру бағдарламасында ғылыми-зерттеу жұмысының орындаушылары университеттің профессор-оқытушылар құрамы, ғылыми қызметкерлер, магистранттар болып табылады.

Мықты жағы:

7M02303 «Филология» (қазақ) білім беру бағдарламалары бойынша ПОҚ ғылыми әлеуеті жоғары;

- Кафедра ПОҚ «Шығыс Қазақстан ономастикалық кеңістігі – ұлттың мәдени- генетикалық кодының негізі. (Катонқарағай, Алтай, Глубокий аудандары материалдары негізінде) 2021-2023ж. Республикалық гранттық қаржыландыру ғылыми жобасы негізінде жұмыстар атқаруда;
- Білім беру бағдарламасының ғылыми-зерттеу жұмысы нақты инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген;
- Білім беру бағдарламалары бойынша бакалавр-магистратура-докторантура цикл тізбегі бойынша білім алу қарастырылған;
- Білім беру бағдарламаларының ПОҚ, магистранттардың шетелдік, отандық баспаларды ғылыми жарияланымдар деңгейі жоғары.

Әлсіз жағы:

- Дарынды жастар мен ғылымға жоғары білікті мамандарды тарту және ұстап қалу проблемасы сақталуда;
- Заманауи зерттеу дағдыларын меңгерудің жеткіліксіздігі, халықаралық ғылыми кеңістікте ғылыми зерттеулердің нәтижелерін толыққанды ілгерілету үшін шет тілін меңгерудің жеткіліксіздігі;

Сыртқы факторлар:

- Ғылыми атағы бар кадрлардың қартаюы;
- Ғылым мен салалық ғылыми зерттеулерді бірыңғай орган үйлестірмейді;
- ғылыми кадрларды даярлауға әсер ететін мемлекеттік нормалар мен стандарттарды үнемі реформалау (дәрежелер беруге қойылатын талаптарды үнемі өзгерту);

Ішкі факторлар:

- Ғылым, білім және өндіріс байланысының жеткіліксіздігі, демек - ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру көлемінің жеткіліксіздігі;
- ПОҚ мен зерттеушілердің ғылыми деректер базасын жеткіліксіз пайдалануы;
- Университет пен ғалымдардың ғылыми зерттеулері нәтижелілігінің және дәйексөзділігінің жеткіліксіз деңгейі.

Мемлекеттің басым міндеті жастардың өзін-өзі танытуы үшін жағдай жасау және оның бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру болып табылады. 7M02303 «Филология» (қазақ) білім беру бағдарламаларының тәрбие жұмысының қойылған мақсатына қол жеткізу үшін университетте «Alikhan Bokeikhan University тәрбие жұмысының тұжырымдамасы» бекітілді, ол тәрбие жұмысының негізгі мақсаттары, міндеттері, қағидаттары, мазмұны мен бағыттары бойынша көзқарастардың ғылыми негізделген жиынтығы болып табылады.

Білім беру бағдарламалары бойынша тәрбие жұмысы рухани және мәдени құндылықтарды сақтауға және көбейтуге бағытталған «Рухани жаңғыру» бағдарламасы мен «Туған жер», «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы», «Жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет», «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобалары негізінде жүзеге асырылады.

Мықты жағы:

- «Alikhan Bokeikhan University» ББМ тәрбие жұмысы тұжырымдамасының негізгі міндеттерін іске асыру үшін университетте Жастар саясаты орталығы (ЖСО) жұмыс істейді, ол ЖОО-ның құрылымдық бөлімшесі болып табылады және білім алушылардың зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету үшін оңтайлы жағдай жасайды;

- Магистранттың өзін-өзі басқару жүйесі келесі ұйымдар арқылы іске асырылады: «Enactus Alikhan Bokeikhan University» командасы, «Үркер» шығармашылық тобы, «Жас Отан» жастар қанаты, «Alikhan Bokeikhan University студенттер Альянсы», «Жас Заңгерлер Достастығы» қоғамдық қоры, «Alikhan Bokeikhan University КТК Одағы», «Эверест» дебат клубы, «Ақ ниет» қайырымдылық ұйымы, «Бизнес-инкубатор»;
- ББ білім алушылары үшін қауіпсіз және жайлы ортаны қамтамасыз ету;
- Білім алушының зияткерлік, рухани-адамгершілік және дене бітімін дамытуды қамтамасыз ету - әмбебап шығармашылық қабілеттерін дамыту, жастардың азаматтық жауапкершілігін, патриотизмін, құқықтық санасын, саяси мәдениетін, қоршаған ортаға құндылық қатынасын ынталандыру және дамыту;
- Дарынды жастарды қолдау тетіктерін әзірлеу - халықаралық стандарттарға сәйкес келетін сапалы білім алу үшін жағдай жасау, жас таланттарды дамыту және қолдау, жастар бастамаларын қолдау;

Әлсіз жағы:

- Білім алушылардың әлеуметтік-құқықтық қорғалуына және 1 курс студенттерінің әлеуметтік-психологиялық бейімделуіне бағытталған іс-шаралар санының жеткіліксіздігі;
- Республикалық қысқы және жазғы спорт олимпиадаларына магистранттардың нашар қатысуы;
- ЖОО-ның ұйымдарына университет магистранттарының жеткіліксіз қамтылуы.

Сыртқы факторлар:

- Ішкі саяси тұрақтылық;
- Тұрақты әлеуметтік-саяси даму;
- Әртүрлі деструктивті діни бірлестіктердің әсері;
- Жастар үшін тәуекелдердің артуы (қылмыс, нашақорлық, суицид және т.б.).

Ішкі факторлар:

- ЖОО жастар қоғамдық ұйымдарының республикалық, өңірлік, жергілікті деңгейлерде мемлекеттік құрылымдармен бірлескен іс-қимыл жүйесі жолға қойылған;
- Өзін-өзі басқаруды кеңейту және оларды университет өмірінің барлық салаларына тарту негізінде магистранттардың шығармашылық бастамаларын жандандыру, өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі дамыту үшін жағдайлар жасалған.

Білім беру бағдарламалары бойынша жыл сайын халықаралық ынтымақтастық аясын кеңейтіп келеді. Магистранттарды шетелдік жоғары оқу орындарында оқыту, сондай-ақ бірлескен білім беру бағдарламаларын дамыту бойынша академиялық ұтқырлық бағдарламаларын іске асыру үшін мүмкіндіктер іздестіруде.

Жыл сайын біздің магистранттар шетелдік ғылыми тағылымдамалардан өтеді.

7M02303 «Филология» (қазақ) ББ бойынша магистранттар София техникалық университетінде (Болгария) біздің университет ашқан қазақ тілін, мәдениетін зерттеу және ғылыми-техникалық ақпаратпен алмасу орталығында шетелдік тағылымдамадан өтеді.

Филология кафедрасының магистранттары жыл сайын Түркия университеттерінде шетелдік тағылымдамалардан өтеді.

Университетте шетелдік жоғары оқу орындарымен бірлескен екі дипломды білім беру бағдарламалары жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, 2018 жылдан бастап Варна менеджмент университетімен бірге МВА білім беру бағдарламасы, 2019 жылдың қазан айында осы бағдарлама бойынша диссертациялар қорғалды, филология кафедрасының магистранттары дипломдарын алды.

Мықты жақтары:

- Шетелдік жоғары оқу орындарымен бірлескен екі дипломды білім беру бағдарламалары жүзеге асырылуы;
- Магистранттардың ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасының дұрыс жолға қойылуы (Нұр-Сұлтан қаласы «Туран» университеті);
- «Alikhan Bokeikhan University» ББМ жыл сайын шетелдік ғалымдарды, мамандарды, оның

- ішінде ЖОО-ның топ-менеджментіне шақырады;
- Магиатранттардың сырты академиялық ұтқырлық бағдарламасының дұрыс жолға қойылуы Түркия мемлекеті, Денизли қаласы, Памукалле университеті;
- София техникалық университетінде (Болгария Республикасы) шетелдік өкілдігін «Абай мәдени-ағарту орталығының» жұмыс істеуі.

Әлсіз жақтары:

- Тілдік емес мамандықтар білім алушыларының, сондай-ақ ПОҚ-ның шет тілін жеткіліксіз меңгеруі.

Сыртқы факторлар:

- Өңірдің басқа да жоғары оқу орындары тарапынан бәсекелестік басым.
- Елдегі экономикалық жағдайдың өзгеруі, ұлттық валюта бағамының одан әрі төмендеуі байқалады.
- Елдегі және өңірдегі демографиялық ахуалдың нашарлауы байқалды.
- ЖОО-ға шетелдік ғалымдарды шақыру, сондай-ақ Ұлттық шекаралардың жабылуы, карантин мен шектеу шараларын енгізу жағдайында «Alikhan Bokeikhan University» ББМ білім алушылары мен оқытушыларының шетелдік ЖОО-ға кетуі мүмкіндігінің болмауы.

Ішкі факторлар:

- Көптілді білім беру бағдарламасын іске асыру арқылы білім алушылар мен ПОҚ-ның тілдік құзыреттіліктерін арттыру.
- ББ білім алушылардың академиялық ұтқырлығы бойынша Халықаралық бағдарламалар мен жобаларға қатысуы, ұйымның әлеуетін арттыру (Эразмус жобалар), халықаралық гранттар бойынша оқу мүмкіндігі.
- Халықаралық жобалар мен бағдарламаларды дамыту үшін басқа да бюджеттен тыс қаржыландыру көздерін тарту.
- Уәждемені арттыру мақсатында шет тілдерін меңгерген ОПҚ мен қызметкерлерге сараланған төлем жүйесін енгізу.

Университеттің материалдық-техникалық базасы біртұтас кешеннен тұрады және оған 6 оқу корпусы, бассейн, 2 спорт кешені, әскери кафедраның ғимараты мен оқу-жаттығу базасы, оқу-жаттығу кешені, ғылыми білімнің түрлі салаларында зерттеулер жүргізу үшін заманауи жабдықтармен жабдықталған 15 ғылыми зертхана, студенттер үйі (жатақхана) кіреді.

Аталған ғимараттар жылжымайтын мүлік жөніндегі орган берген техникалық паспорттарға сәйкес меншік құқығында университетке тиесілі және қолданыстағы санитарлық нормативтерге, өртке қарсы қауіпсіздік талаптарына сәйкес келеді.

7M02303 «Филология» (қазақ) ББ мақсаттарына қол жеткізу үшін гуманитарлық факультетте мынадай мамандандырылған кабинеттер жұмыс істейді ББ іске асыратын кафедрада тиісті ресурстық құралдар бар. ББ ресурстық қамтамасыз ету мыналарды қамтиды:

- Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету: бұйрықтар, ережелер, кафедра ПОҚ лауазымдық нұсқаулықтары;
- Ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету: жұмыс оқу бағдарламалары, МӨЖ, ОЖМӨЖ, практикалық тапсырмаларды орындауға, Магиистранттардың практикаларына әдістемелік ұсынымдар;
- Бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз ету: оқу-әдістемелік құралдар, авторлық оқу бағдарламаларын әзірлеу;
- Ақпараттық қамтамасыз ету: білім беру ұйымының сайты, кафедралар, әлеуметтік желілердегі топтар;
- Кадрлық қамтамасыз ету: ПОҚ, біліктілікті арттыру, семинарларға, конференцияларға қатысу, тағылымдама, кеңес беру;
- Ұйымдастырушылық қамтамасыз ету: білім беру бағдарламасын, ББ жұмыс жоспарларын құру;
- ББ материалдық-техникалық қамтамасыз ету: ББ ұйымдық-техникалық құралдармен жарактандыру, бағдарламалық қамтамасыз етуді, электрондық оқулықтардың нұсқаларын,

көрнекі құралдарды, оқу жабдықтарын, сөздіктерді, энциклопедияларды, оқу-әдістемелік құралдарды, оқулықтарды сатып алу;

- қаржылық-экономикалық қамтамасыз ету: тиісті оқу құралдарын сатып алу бойынша сметалар, өтінімдер жасау жөніндегі іс-шаралар.

Университеттің оқу ғимараттарындағы дәрісханалардың көпшілігі проекторлармен және интерактивті тақталармен жабдықталған, бұл оқытушыларға сабақтарды тиімді өткізу үшін қосымша мүмкіндіктер жасайды. Практикалық және семинар сабақтары мамандандырылған кабинеттерде өтеді. Сондай-ақ, ББ уақытылы жабдықталып, заманауи құрал-жабдықтармен толықтырылып тұратын оқу-ғылыми зертханалар бар: 24 компьютерлік-ақпараттық жүйемен, №6 «Тілдік пәндерді оқыту бойынша» әдістемелік кабинет, №7 «Медиа және шешендік өнер орталығы», №23 «Филология» ғылыми-әдістемелік кабинеті, №24 «Лингофон» кабинеті, №26 «Рухани жаңғыру» орталығы, №28 М.О.Әуезов атындағы дәрісхана жабдықталған.

Электрондық оқу басылымдары мен электрондық оқулықтар виртуалдылық, серпінділік, WEB-бағдарлану қағидаттарын ескере отырып әзірленеді және білім алушылар оларды аудиториялық сабақтарда, ғылыми-зерттеу жұмыстарында пайдалана алады. Олар гиперсілтемелер, мультимедиа элементтері, аудио, бейне файлдар, графикалық суреттері бар Macromedia Flash жүйесінде жасалған. Білім алушының бағдарламамен интерактивті жұмыс жасауына және тестілеу түрінде білімге бақылау жүргізуге мүмкіндіктері бар.

Университет кітапханасының қызметі білім алушылардың ақпараттық сұраныстарын толық қанағаттандыруға бағытталған. Өз бетінше жұмыс істеу үшін қажетті жағдайлар жасалған. Кітапхана өз жұмысын «Alikhan Bokeikhan University ББМ кітапханасы туралы» ережені қамтитын маңызды нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес ұйымдастырады.

7M02303 «Филология» (қазақ) білім беру бағдарламаларының пәндері негізгі және қосымша оқу, оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз етілген. Оқу, оқу-әдістемелік және көркем әдебиет басылымдарының ауқымды қоры бар. Сонымен қатар білім алушыларға университет оқытушылары шығарған оқу және әдістемелік материалдар ұсынылады.

Мықты жақтары:

- Университетте магистрлік диссертациялар «Антиплагиат ЖОО» жүйесі арқылы тексеруден өткізілуі;
- Білім беру бағдарламасы мүмкіндігі шектеулі адамдарды инклюзивті білім беруге бейімдеу;

Әлсіз жақтары:

- ББ ресурстық, материалдық-техникалық қамтамасыз етуді сатып алуға қаржыландыруды ұлғайту.

Сыртқы факторлар:

- Өңірдің басқа да жоғары оқу орындары тарапынан бәсекелестік басым.
- Елдегі экономикалық жағдайдың өзгеруі, ұлттық валюта бағамының одан әрі төмендеуі байқалады.

Ішкі факторлар:

- Білім беру бағдарламасын дамыту, оны ресурстық қамтамасыз ету үшін қосымша қаржыландыру көздерін тарту.
- Білім беру бағдарламасының Білім беру процесін сүйемелдейтін ақпараттық жүйелердің болуы.
- ЖОО-ның барлық аумағында оқытушылар мен Магистранттардың Wi-Fi желісіне қолжетімділігі, кафедра, электрондық ресурстар залы, жатақхана Интернет-желісіне қосылған.
- Бүкіл штаттың кәсіби құзыреттілігін қамтамасыз ететін ПОҚ жалдау, кәсіби өсуі және дамуын қамтитын объективті және ашық кадрлық саясат;
- «Platonus» ААЖ-ды ББ пәндері бөлінісінде оқу-әдістемелік құжаттамамен, оның ішінде құрылымдалған ақпаратпен (презентациялық материалдармен, бейнематериалдармен, дәрістер конспектілерімен, өзекті оқу әдебиетімен және т.б.) толтыру.

3. 7M02303 «Филология» (қазақ) ББ мамандығы бойынша білім беру бағдарламасының бағыттары.

7M02303 «Филология» (қазақ) ББ мамандығы бойынша білім беру бағдарламасын дамыту келесі бағыттардан тұрады.

- Білім беру процесінің кәсіби дайындықтың үздіксіздігіне бағытталуы;
- Білім беру бағдарламасын мамандардың құзыреттілігі тұрғысына жетілдіру;
- Оқу үдерісін заманауи білім беру технологиялары мен оқудың белсенді әдіс-тәсілдері негізінде ұйымдастыру;
- Бәсекеге қабілетті, функционалдық сауаттылығы жоғары, сын тұрғысынан ойлайтын мамандарды даярлау;
- Ғылыми және кадрлық әлеуетті тиімді пайдалану;
- Білім алушыны жан-жақты дамыту шеңберінде тәрбие қызметін ұйымдастыру тетіктерін жаңғырту.

7M02303 «Филология» (қазақ) ББ мамандықтары бойынша білім беру бағдарламаларының мақсаты: Өңір экономикасының қажеттіліктеріне сәйкес кадрларды кәсіптік даярлаудың үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін білім беру процесін одан әрі дамыту, іргелі және лингвистикалық, әдебиеттану ғылымдары бойынша толыққанды сапалы кәсіби білім алған, заманауи ақпараттық технологияларды меңгерген, өз қызметі аясында түрлі мәселелерді шеше алатын, инновациялық технологиялар негізінде оқыту мен тәрбиелеу үдерісін жүзеге асыруға қабілетті, мәдени танымы терең, білім берудің қазақ тілі және әдебиеті саласында жоғары білікті, қазіргі заманның талаптарына жауап беретін мамандарды даярлау.

7M02303 «Филология» (қазақ) ББ мамандықтары бойынша білім беру бағдарламаларының бағыттары мен мақсатына сәйкес міндеттер:

- ҚР орта білім беру мазмұнын жаңарту үдерісін ескере отырып, қазіргі еңбек нарығының талаптарына сәйкес қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдерін дайындау;
- Қазіргі заманғы қазақ және орыс тіл білімі мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері саласындағы кәсіби құзыреттілігін кеңейту және тереңдету;
- Стратегиялық серіктестер және басқа да мүдделі тұлғалармен тығыз байланыс жасау;
- Оқытушылардың кәсіби біліктіліктерін арттыру;
- Оқытушылар мен білім алушылардың академиялық ұтқырлығын жүзеге асыру үшін жағдай жасау;
- ББ ПОҚ ғылыми әлеуетін арттыру

Күтілетін нәтижелер:

1. Қазақ тілі мен әдебиеті, филология пәндері бойынша оқу сабақтарын жоспарлау және жүргізу,

дәстүрлі және инновациялық технологиялар; психология, педагогика және филология ғылымдарының жаңа жетістіктері.

2. Қазақ тілінің салалары мен қазақ әдебиеті тарихының кезеңдері бойынша негізгі ұғым-түсініктерді, теориялық қағидаларды біледі және түсінеді.

3. Қазақ тілі мен әдебиеті, филология бойынша алған ғылыми-теориялық білімін, бағалау жүйесін өз тәжірибесінде тиімді пайдаланады, оқытудың жаңа технологияларын білім беру үдерісінде еркін қолданады.

4. Маманның кәсіби міндеті мен педагогикалық қызметінің жауапкершілігін сезіну, педагогикалық тапсырмаларды шешуде әртүрлі пәндер алған білімін қолдану, әлеуметтік ынтымақтастыққа қабілетті болу.

5. Ағымдағы білім беру және ұйымдастыру құжаттамаларын (дидактикалық, тест және өлшеу материалдары және т.б.) дамыту, ұйымдастырушылық дағдыларға ие болу, жауапкершілікті болу.

6. Қазақ, әлем әдебиеттерінің негізгі даму кезеңдерін біледі, олардың типологиялық ерекшеліктерін ажырата алады.

7. Көркем шығармалармен оқу үрдісінде танысу арқылы эстетикалық сана мен

қызметтің нысандары, эстетикалық қажеттіліктері, өнер туындыларының түрлері мен жанрларын анықтау, жіктеу және сипаттау.

8. Ең жоғары әлеуметтік және эстетикалық құндылықтарға, гуманистік педагогиканың идеяларына адалдық таныту.

9. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда инновациялық тәсілдерді (соның ішінде АКТ-технологиялар) қолдану арқылы өздігінен кәсіби білім ала отырып, көшбасшылық және педагогикалық шеберлік дағдыларын дамытады.

10. Кәсіби, соның ішінде кәсіпкерлік қызметте қолдану үшін құқықтық және экономикалық, экологиялық ақпаратты жүйелеу, жинақтау. Экономикалық, экологиялық ақпаратты талдау, қорыту және кәсіби қызметте қолдану үшін қауіпсіздік нормаларын жүйелеу

11. Тілдің функциялары, тіл мен ойлаудың арақатынасы, қоғамдағы тілдің рөлі, тілдік универсалдар мен тілдің даму заңдылықтары туралы негізгі түсініктерді меңгеру.

12. Білім алушыларды гуманистік педагогиканың ең жоғары әлеуметтік және эстетикалық құндылықтарына, идеяларына бағынуға баулу.

Нысанды индикаторлар мен жүзеге асыру шараларының кестесі:

Нысанды индикаторлар	Өлшем бірлігі	Жоспарлы кезеңдері					
		2020	2021	2022	2023	2024	2025
1	2	3	4	5	6	7	8
ҚР орта білім беру мазмұнын жаңарту үдерісін ескере отырып, қазіргі еңбек нарығының талаптарына сәйкес қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері мен филолог мамандарды дайындау	бірлік	2	3	4	5	7	8
Қазіргі заманғы қазақ және орыс тіл білімі мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері саласындағы кәсіби құзыреттілігін кеңейту және тереңдету.	бірлік	2	3	4	5	7	8
Стратегиялық серіктестер және басқа да мүдделі тұлғалармен тығыз байланыс жасау	%	40	45	50	55	60	65
Оқытушылардың кәсіби біліктіліктерін арттыру	%	100	100	100	100	100	100
Оқытушылар мен білім алушылардың академиялық ұтқырлығын жүзеге асыру үшін жағдай жасау	%	40	45	50	55	60	65
«Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға сәйкес білім алушының зияткерлік, рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз етуге, шығармашылық қабілеттерін, патриотизмді дамытуға бағытталған іс-шаралар өткізу	%	40	45	50	55	60	65
Нысанды индикаторларды жүзеге асыру шаралары	2020	2021	2022	2023	2024	2025	
Білім берудің заманауи талаптарын негізге ала отырып, оқыту мен оқудың жана парадигмасына жауап беретіндей оқытушылардың педагогикалық, психологиялық, әдістемелік білімдерін кеңейту (семинарға, дөңгелек үстел жұмыстарына қатысу арқылы).	X	X	X	X	X	X	X
ББ маңызды және болашақтағы бағыттары бойынша стратегиялық серіктестермен бірлесе жүргізілетін жұмыстарды үйлестіру.	X	X	X	X	X	X	X
Университет базасында енгізілген қосымша білім беру бағдарламалары				X	X	X	X

бойынша жалпы орта білім беретін және орта кәсіптік мекемелердің оқушылары арасында іс-шаралар мен жарыстар ұйымдастыру						
«Педагог» кәсіби стандарты негізінде орта білімнің, жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің жаңартылған мазмұнын ескере отырып, «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласындағы жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын өзектендіру			X	X	X	X
ҚР БжҒМ ККСОН ұсынған журналдардарға жарияланатын мақалалар санын арттыру, нөлдік емес импакт-факторлы шетелдік журналдардағы жарияланымдар үлесін көбейту.	X	X	X	X	X	X
Ғылыми және ғылыми-техникалық гранттық қаржыландыру байқауларына қатысу						
Шетелдік және ҚР жетекші оқу орындарынан ғалымдардың дәріс оқуы мен семинар өткізуін ұйымдастыру			X	X	X	X

4. ББ дамыту жоспарын іске асыру тетіктері

ББ дамыту жоспарын әзірлеу тұжырымдалған нақты міндеттерді шешу арқылы қойылған мақсатқа қол жеткізуге бағытталған іс-шараларды іске асыруға кешенді көзқарасты қамтамасыз етеді, жоспарлы іс-шараларды толық көлемде орындауға ықпал етеді. ББ алқалы басқарушы органын ректор аппаратының басшысы, төрағаның орынбасарлары-оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор, университеттің ғылым және стратегиялық даму жөніндегі проректоры, құқықтық мәселелер және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі проректор, халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор, тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, факультет деканы, кафедра меңгерушісі құрайды.

ББ даму жоспарын қалыптастыру процесіне барлық мүдделі тараптар қатысады: ЖОО әкімшілігі, ПОҚ, жұмыс берушілер, білім алушылар және т.б. Бұл процесс кәсіптік құзыреттілікті, күтілетін нәтижелерді, элективті пәндер каталогын талқылау арқылы жүзеге асырылады.

ББ орындаушылар - кафедраның ПОҚ ББ дамыту жоспарын қалыптастырады және жүзеге асырады. 7M02303 «Филология» (қазақ) ББ мақсаттары мен даму стратегиясын әзірлеу кезінде университеттің ішкі стейкхолдерлері, атап айтқанда, білім алушылар, профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлер, сондай-ақ сыртқы стейкхолдерлер белсенді түрде тартылады, оларға түлектерді, жұмыс берушілерді, заңнамалық және уәкілетті органдарды, әріптестерді жатқызуға болады.

ББ сапасының мониторингі

№	Іс-шара атауы	Өткізу уақыты	Жауаптылар
1	- Білім беру бағдарламасы сапасының мониторингі:	желтоқсан, 2020-2021 о.ж. желтоқсан, 2021-2022 о.ж. желтоқсан, 2022-2023 о.ж. желтоқсан, 2023-2024 о.ж. желтоқсан, 2024-2025 о.ж.	Деканат, кафедра меңгерушісі, эдвайзерлер
1.1	- Университетшілік (білім алушылар арасында сауалнама жүргізу)		
1.2	- Сыртқы (жұмыс берушілер арасында сауалнама жүргізу, бітіріп кеткен түлектердің бағалауы)	ақпан-сәуір, 2020-2021 о.ж. ақпан-сәуір, 2021-2022 о.ж. ақпан-сәуір, 2022-2023 о.ж. ақпан-сәуір, 2023-2024 о.ж. ақпан-сәуір, 2024-2025 о.ж.	
2	Пәннің оқу-әдістемелік кешеніне сараптама жүргізу	қыркүйек-желтоқсан, 2020-2021 о.ж. қыркүйек-желтоқсан, 2021-2022 о.ж. қыркүйек-желтоқсан, 2022-2023 о.ж. қыркүйек-желтоқсан 2023-2024 о.ж. қыркүйек-желтоқсан 2024-2025 о.ж.	Кафедра меңгерушісі, факультеттің ОӘБ
3	Межелік бақылау, емтихан нәтижелеріне талдау жасау	академиялық күнтізбеге сәйкес.	Кафедра меңгерушісі, эдвайзерлер
4	Қорытынды аттестаттау нәтижесін талдау	маусым, 2020-2021 о.ж. маусым, 2021-2022 о.ж. маусым, 2022-2023 о.ж. маусым, 2023-2024 о.ж. маусым, 2024-2025 о.ж.	Кафедра меңгерушісі, кафедра ПОҚ

5	Ашық сабақтар өткізу	Жоспарға сәйкес.	Кафедра меңгерушісі, кафедра ПОҚ
6	Өзара сабаққа қатысу, нәтижесін кафедра мәжілісінде талқылау	Кафедра жұмыс жоспарын, өзара сабаққа қатысу кестесіне сәйкес	Кафедра меңгерушісі, кафедра ПОҚ
7	Семинарлар мен дөңгелек үстел отырыстарын өткізу	Кафедра жұмыс жоспарын, өзара сабаққа қатысу кестесіне сәйкес	Кафедра меңгерушісі, кафедра ПОҚ

5. Тәуекелдерді басқару

Ықтимал тәуекелдер атаулары	Тәуекелдерді басқару шаралары қабылданбаған жағдайда ықтимал салдары болуы мүмкін	Тәуекелдерді басқару шаралары
1	2	3
Сыртқы тәуекелдер		
Елдік және саяси тәуекелдердің артуы	Шетелдік серіктес жоғары оқу орындарының санының азаюы. Шақырылатын шетелдік санының азаюы.	ЖОО сайтында ЖОО туралы ақпаратты, оның лицензияларын, аккредитацияларын орналастыру. Сондай-ақ, шетелдік мамандарды тарту қағидалары, шетелдік Магистранттардың ЖОО-да болу және оқу қағидалары, Университеттің материалдық-техникалық базасы және шетелдік Магистранттардың әлеуметтік бейімделу мүмкіндіктері туралы ақпарат.
Өңірдегі қолайсыз демографиялық ахуал	Білім алушылардың жалпы контингентінің төмендеуі	Мектеп оқушылары арасында кәсіптік бағдар беру жұмысын күшейту, Қазақстанның басқа өңірлері мен таяу шетелдерді қамту
Мектеп түлектерінің білім деңгейінің төмендігі	Жоғары оқу орындарына түсу үшін бітірушілердің дайындық деңгейінің төмендігі	Түлектерге дайындық курстарын ұйымдастыру, қосымша сабақтар өткізу, облыс мектептерімен бірлескен жұмыс
Төтенше жағдай, пандемия, эпидемия және т.б. қатерлеріне байланысты карантиндік шаралар енгізу салдарынан білім беру процесін ұйымдастыруды өзгерту.	Индикаторлар көрсеткіштеріне қол жеткізілмейді. Әлеуметтік және психологиялық шиеленістің пайда болуы	Инновациялық қашықтан оқыту әдістемелерін тұрақты дамыту арқылы мәселелерді шешу, білім алушылар мен ПОҚ қажеттіліктерін қамтамасыз етуге және қолдауға бағдарлай отырып басқару
Ішкі тәуекелдер		
Білім алушылардың білім деңгейі	Білім алушылардың білім деңгейінің төмендеуі	Оқытудың сапасын арттыру, ББ жетілдіру, қазіргі заман талабына сай элективті пәндер каталогына өзгерістер енгізу. Білім берудің заманауи талаптарын негізге ала отырып, оқыту мен оқудың жаңа парадигмасына жауап беретіндей оқытушылардың педагогикалық, психологиялық, әдістемелік білімдерін кеңейту
ПОҚ ғылыми әлеуеті мен ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысу	ПОҚ ғылыми әлеуетін арттыру жұмыстарының әлсіреуі	ҚР БжҒМ ККСОН ұсынған журналдардарға жарияланатын мақалалар санын арттыру, нөлдік емес импакт-факторлы шетелдік журналдардағы жарияланымдар үлесін көбейту
Студенттер контингентінің	Студенттер контингентінің азаюы	Кәсіби бағдар беру жұмыстарын жандандыру

6. ББ даму жоспарын қаржылық қамтамасыз ету.

2020-2025 жылдарға арналған ББ даму жоспарын іске асыруды қаржылық қамтамасыз ету университет қаражатынан, сондай-ақ мемлекеттік және басқа да қаржыландыру көздерінің қаражатын тарту жолымен жүзеге асырылатын болады. Күрделі және ағымдағы шығындар болжанады.